



Жалағаш жаршысы



«zhalagash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Кеңес Дүйсекеев – 80 жыл

Қызылорда қаласындағы «Өнер» орталығында композитор, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет», «Парасат» орденінің иегері Кеңес Дүйсекеевтің 80 жылдығына арналған еске алу кеші өтті. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Сыртқы істер министрінің орынбасары Әлібек Қуантыров, Еуропалық Одаққа мүше мемлекеттердің елшілері, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары, композитордың жары Баян Дүйсекеева, баласы Нұркен Дүйсекеев пен туған туыстары қатысты.

Саз әлемінің саңлағы



Кеш туған жерін ән қанатында төрбеген композитордың шығармашылығына арналған бейнеролик көрсетілімінен басталып, концерттік бағдарламада ел жадында жатталған таңдаулы туындылар орындалды. Атап айтқанда, «Асыл ана», «Ойлаң балам», «Өмір, өмір», «Анаға хат», «Ойлаһсың ба, жаным», «Ақ қар», «Ғашық әнім», «Әкімбе сен» әндері көрермен назарына ұсынылды. Сахна төрінде Қазақстанның Халық артисі Роза Рымбаева «Сәлем саған, туған ел» әнін әуелете шырқады. Ал Мәдина Сәдуақасова Исраил Сапарбайдың сөзіне жазылған «Теңеу бар ма саған?» әнімен көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Сондай-ақ Жұбаншы Жексенұлы «Туған жер» әнін әсерлі орындап, көштің сәнін кіргізе түсті.

Кеңес Дүйсекеев – қазақ музыка өнерінің алтын қорына енген бірегей шығармалардың авторы, ұлттық рух пен заманауи әуенді шебер ұштастырған көрнекті композитор. Ол – ұлттық эстрада мен симфониялық музыкада өзіндік қолтаңбасын қалыптастырып, қазақ ән өнерін жаңа деңгейге көтерген тұлға.

Композитордың «Қарақазайым», «Домбыра туралы баллада», «Сәлем саған, туған ел» сынды алғашқы туындыларының өзі-ақ қалың жұрттың ыстық ықыласына бөленген. Әлем сахналарында қазақ әнін асқақтатқан Димаш Құдайбергелінің орындауындағы «Қарағым-ай» әні мыңдаған шетелдік тыңдарманның зор қошеметіне ие болды.

2006 жылы композитордың 60 жылдық мерейтойына орай «Туған жер» атты композиторлар мен әншілердің облыстық байқауы ұйымдастырылды. 2008 жылы бұл өнер додасы республикалық деңгейге көтеріліп, талай дарынды жастың шығармашылық жолына серпін берді, үлкен сахнаға жол ашты. 2013 жылдан бері халықаралық мәртебеге ие болған конкурстар сайын Өзбекстан, Қырғызстан, Польша, Болгария сынды алыс-жақын шет елдерден жиналған таланттарды бір арнаға тоғыстырып келеді.


«ЖЖ» ақпарат



Кездесу

Конституциялық реформа – өзгерістер бастауы

Жалағаш ауданында жаңа Конституция жобасын түсіндіру және оның негізгі бағыттарын кеңінен насихаттау жұмыстары жүйелі түрде жалғасуда. Осы ретте республикалық және өңірлік коалиция өкілдері аудандағы «Мираж» шаруа қожалығында болып, шаруа адамдарымен кездесті. Басқосуда алдағы референдумның маңызы, конституциялық өзгерістердің басым бағыты және олардың елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпалы жан-жақты талқыланды.



Кездесуде Сенат депутаты, Жалпыұлттық республикалық коалиция мүшесі Руслан Рүстемов пен Нұртерә Жүсіп, облыстық мәслихат төрағасы, өңірлік коалиция жетекшісінің орынбасары Мұрат Тілеубетов, аумақтық коалиция төрағасы Әмірзақ Елеусінов, облыстық мәслихат депутаты, өңірлік коалиция мүшесі Әмірбек Шаймағанбетов, аумақтық коалиция мүшелері Қаншағұл Мұстафаева және Гүлзат Құрманбаева, Қуат Ахетов қатысты. Жиында Руслан Рүстемов конституциялық реформалардың негізгі мақсаты әділ әрі жауапты мемлекет қалыптастыру екенін атап өтті. Оның айтуынша, заң үстемдігін қамтамасыз ету, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды күшейтеу және билік тармақтары арасындағы тепе-теңдікті нақтылау – жаңа Конституция жобасының басты басымдығының бірі.

Нұртерә Жүсіп жаңа жоба саяси жаңғыру үдерісінің заңды жалғасы екенін айтты. Ол Конституция жобасы ашық талқылаудан өтіп, қоғамнан түскен көптеген ұсыныс ескерілгенін, сондықтан құжаттың шынайы халықтық сипатқа ие екенін жеткізді. Ал Мұрат Тілеубетов реформалар аясында өкілді органдардың рөлі артып, қоғамдық бақылау тетіктері күшейетінін атап өтті. Оның пікірінше, бұл өзгерістер азаматтардың шешім қабылдау процесіне қатысу мүмкіндігін кеңейтіп, мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігі мен ашықтығын арттыруға жол ашады.

Кездесуде шаруалар өздерін толғандырған сауалдарын қойып, ұсыныстарын ортаға салды. Коалиция мүшелері тарапынан нақты жауап беріліп, соны мазмұнда пікір алмасуға ұласты. Қатысушылар жаңа Конституция жобасы елдің тұрақты дамуына негіз болатын маңызды құжат екеніне және референдум ел болашағын айқындайтын тарихи шешім болатынына сенім білдірді.

Республикалық және өңірлік коалиция өкілдері мұнан кейін ауданның денсаулық сақтау саласының қызметкерлерімен арнайы кездесу өткізіп, алдағы референдумның тарихи маңызы мен конституциялық өзгерістердің негізгі басымдықтарын жан-жақты талқылады. Басқосуда жаңа Конституция жобасының саяси-құқықтық мазмұны, оның қоғам сұранысына сәйкестігі және мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жаңғыртудағы рөлі кеңінен сөз болды.

Жиында Руслан Рүстемов конституциялық реформалардың түпкі мақсаты заң үстемдігін нығайту және азаматтардың құқықтарын қорғау екенін жеткізді. Сондай-ақ ол билік тармақтары арасындағы тепе-теңдік пен жауапкершілікті нақтылау елдің орнықты дамуының басты көпірі болатынын тілге тиек етті.

Нұртерә Жүсіп өз сөзінде жаңа Конституция жобасы саяси жаңғырудың маңызы кезеңі екенін атап өтті.

– Құжатты әзірлеу барысында ашық талқылау жүргізіліп, қоғамнан түскен ұсыныстар ескерілді. Бұл оның шынайы халықтық сипатқа ие екенін айқындайды, – деді Сенатор.

Мұрат Тілеубетов реформалар аясында өкілді органдардың рөлі артып, қоғамдық бақылау тетіктері күшейетінін айтты.

– Бұл өзгерістер азаматтардың шешім қабылдау процесіне белсенді қатысуына мүмкіндік беріп, мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігі мен ашықтығын арттыра түседі деп есептеймін. Республикалық референдумға санаулы күн қалды. Қазір еліміздің барлық азаматтары өздерінің қолымен ел болашағын айқындайтын тарихи шешім қабылдауға дайын болуы керек.

– Бұл өзгерістер азаматтардың шешім қабылдау процесіне белсенді қатысуына мүмкіндік беріп, мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігі мен ашықтығын арттыра түседі деп есептеймін. Республикалық референдумға санаулы күн қалды. Қазір еліміздің барлық азаматтары өздерінің қолымен ел болашағын айқындайтын тарихи шешім қабылдауға дайын болуы керек.

– Бұл өзгерістер азаматтардың шешім қабылдау процесіне белсенді қатысуына мүмкіндік беріп, мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігі мен ашықтығын арттыра түседі деп есептеймін. Республикалық референдумға санаулы күн қалды. Қазір еліміздің барлық азаматтары өздерінің қолымен ел болашағын айқындайтын тарихи шешім қабылдауға дайын болуы керек.

– Бұл өзгерістер азаматтардың шешім қабылдау процесіне белсенді қатысуына мүмкіндік беріп, мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігі мен ашықтығын арттыра түседі деп есептеймін. Республикалық референдумға санаулы күн қалды. Қазір еліміздің барлық азаматтары өздерінің қолымен ел болашағын айқындайтын тарихи шешім қабылдауға дайын болуы керек.

– Бұл өзгерістер азаматтардың шешім қабылдау процесіне белсенді қатысуына мүмкіндік беріп, мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігі мен ашықтығын арттыра түседі деп есептеймін. Республикалық референдумға санаулы күн қалды. Қазір еліміздің барлық азаматтары өздерінің қолымен ел болашағын айқындайтын тарихи шешім қабылдауға дайын болуы керек.

адам құқығы мен бостандығын басты орынға қояды. Осылайша адам және оның қадір-қасиеті конституциялық модельдің өзегіне айналып отыр, – деді ол.

Жиында денсаулық сақтау саласының қызметкерлері де өз сауалдарын қойып, ұсыныс-пікірлерін білдірді. Коалиция мүшелері барлық сұраққа нақты жауап беріп, мазмұнды пікір алмасуға әрбір қатысушылар жаңа Конституция жобасы халықтың талап-тілектері ескерілген маңызды құжат екеніне және алдағы референдум ел дамуының жаңа кезеңін айқындайтын тарихи шешім болатынына сенім білдірді.

Иә, конституциялық реформа – мемлекеттің саяси жүйесін, билік тармақтарының теңгерімін және азаматтардың құқықтарын айқындайтын стратегиялық қадам. Жаңа реформаның мақсаты айтпаса да түсінікті, басқару тиімділігін арттыру, демократиялық институттарды нығайту және қоғам мен мемлекет арасындағы жауапкершілікті тең бөлу негізгі мақсат-мүддеге саяды. Конституция жобасы жарияланған сәттен бастап қоғамда қызу пікірталас басталды. Әлеуметтік желілерде түрлі баға берілді. Бұл күтпеген жағдай емес, өйткені Конституция – жаңа ғана құқықтық құжат емес, мемлекеттің болмысы, қоғам құндылықтары, билік пен халық арасындағы тепе-теңдікті айқындайтын негізгі келісім. Сондықтан әрбір норма қоғам назарында болуы заңды.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ



Еңбек адамы

Әнипа әже

1944 жыл Екінші дүниежүзілік соғыстың қақ ортасы. Дүние отқа оранып, адамзаттың ар-намысы майдан даласында сығана түскен шақ. Сол тұста билік басында тұрған Иосиф Сталин жүргізген саясаттың салқыны қазақ даласына да жеткен. Кавказ бен Қырымнан тұтас халықтар, яғни шешендер, ингуштар, балқарлар, қырым татарлары «сенімсіз» деген желеумен вагондарға тиеліп, Орталық Азия мен Қазақстанға жер аударылған. Сол бір жылдары өзге ұлтты құшақ жап қарсы алғанның бірі – Әнипа әжеміз. Қарапайым ине мен жіптің иесі. Жаңа келген шешен әйелдерінің жыртылған шапанын жамап отырып, әжем олардың жыртылған көліні де жамағандай болды.

Аққұмның ақ шаң топырағында 1905 жылы дүниеге есігін ашқан Әнипа әжеміз қарапайым ғана шаңырақта өсіп-өнді. Бірақ қарапайымдылық оның тағдырын кишірейтпеді, керісінше биікесте түсті. Бала күнінен қолына ине ұстаса, жібін шатастырмай, матаны жаңды дүниеді сөйлететін. Саусағының ұшында бір тылсым бардай, ол тек тігіп қана қоймайтын, әр бұйымға жан бітіретін. Уақыт өте келе сол балауша бейім үлкен шеберлікке ұласты. Бертін келе Жалағаш жұртына аты мәлім тігін майталманы айналады. Аудан халқы оның қолынан шыққан қамзол мен көйлекті, шапан мен сауықпен ерекше бағалайтын. «Әнипаның қолы жеңіл дейтін» жұрт. Тігін машинасының сықпыры – құдды бір өуен. Сол өуенмен қаншама қыздың жасау көйлегі тігілді, қаншама келіншектің ақ орамалы пішілді.

Құндақтан шыққан бауырына басқан нәмересі мен әдім. Ес білгелі әжем халықтың батасын алып, алғысын арқалап жүрді. Көрші-қолаң кіріп-шығып «Әнипа, қолың дерт көрмесін» деп ризашылығын айтып кететін. Әжемнің иісі – бөлек әлем. Таңертең мектепке шығарда шашымды қос бұрымдап өріп, ұшына алпақ бантик тағатын. Төрбиесін де, төзімін де сол қос бұрыммен бірге бойыма сіңірді. Ине мен жіптің сабағы ғана емес, адамдықтың да жібін үйретті. Ескі тігін машинасының үні қазір естілмесе де, оның тіккен киімдері өлі күнге жанымыды жылытады. Бүгінде сыңырылаған көне мұра «Батыр ана» Шолпан жемінің шаңырағында көзіміздің қарашығындай сақтаулы. Бірі өнерді жалғады, енді бірі аманат арқалап, тарихты қорғаштады.

Әжемнің атағы ауыл арасымен ғана шектеліп қалмаған. Оны іздеп Қызыл-

тамнан да, Қармақшыдан да, Абла жақтан да кісілер келетін. Жол ұзақтығын өлемеі, арнайы ат арытып жететін жұрттың ниеті шеберлігіне деген құрмет болар. Барлығының аузында бір сөз – «Әнипаның қолы бөлек». Ол ешқашан даңқ іздеген де емес. Қарапайым ғана үстел тігін машинасы, терезеден түскен күн сәулесі – соның бар байлығы. Бірақ сол еңбектен сән мен сымбат туды. Матаның қыртысын жазғанда, адам көңілінің де қыртысын жазып жіберетіндей. «Қанда үйренсең де, қабілет деген икемге қонады» дейтін әжем. Иә, расында, өнер – тек машық емес, жүректің қалауымен келетін қасиет. Біреуге жылдар бойы сіңбейтін іс біреуге табиғи пішіп, тігіп беретін. Келіндерінің бәрі атын атымай «машинаны әжем» деп атады, – дейді ол.



Бір қолдан екінші қолға, бір жүректен келесі жүрекке көшіп отырады. Ардақты әжемнің ақ жібі үзілген жоқ, ол Рауа арқылы жалғасып келеді. Жеңем Зауытқұл өткенді жиі қозғал отырады.

– Ол кісіні аудан халқы ерекше сыйлайтын. Күн ұясына қонғанша жұмыс істейтін. Сол жылдары күні деген болды. Қыстың қақаған аязында киетін қалың, сырылған жылы киім. Әжей соған дейін пішіп, тігіп беретін. Келіндерінің бәрі атын атымай «машинаны әжем» деп атады, – дейді ол.

Керілік жетіп, ғұмыр шырағы баяу ғана сөнген күні Әнипа әжемнің ша-

көрінген уақыт. Әжем де сол жылдары жүгері, талқан, үн, бидайын қабынан бөліп бергенін көз көрді. Бір тұңдау дорбасын қолына ұстаған күйде қоныстап келгендерге шапаң ішік, тымақтарын тегін тігіп бергенін де ел ұмытқан жоқ. Қазір көрші болған Османдар да, Аязандар да сол күндерді төбірене еске алады. «Әнипа анай болмаса, біз қайтер едік?» деп отырады.

Соғыс жылдары майдан шебінде оқ атылғанымен, тылда тынымсыз тірлік жүріп жатты. Әнипа әжем – сол тылдың үнісі қанарманы. Қолына ине ғана емес, біз бен жіп, шулық тоқитын бізекте де ұстады. Майдандағы жауынгерлерге арнап қолғап, шулық тоқып, тігіп жіберетін. Әжем әр ілмеке дүғадай үміт қоса тоқитын. «Балам аман келсін» деген тілекті ел қорғаған барша ерге арнады. Өзі де өмірге үш үл өкелді. Үш тірек, үш үміт. Бірі еселіш болып санның тілін сөйлетті. Бірі медицина саласында елдің жанын емдеді. Енді бірі электр желісінде қызмет жасап, жарықтың шырағын жақты. Бүгінде сол үш бұтақ тамырын тереңге жайып, үлкен бәйтерекке айналды. Немере, шебер, шөпшек – бәрі ақжарлықты әжемнің ақ батасынан тараған ұрпақ.

Тігінші әжем тік мінезді емес, тік тігісті адам еді. Қолынан шыққан киім секілді сөзі де орнықты еді. Оның есімі шөжіреге алтын өріппен жазылмауы мүмкін. Бірақ халық жандыда сақтаулы. Ол тіккен киім ескіруі мүмкін, тоқымасы бөлкі тозар. Алайда жақсының аты жүректенге сіңіп, ғасырлар қойнауында қалды.

Ұрлықан ЖҰМАДІЛҚЫЗЫ

Кездесу

ОЛИМПИАДА ЖЕҢІМПАЗДАРЫМЕН ЖҮЗДЕСТІ



Аудан әкімінің орынбасары Фани Сүлейменов аудандық оқушылар үйінде республикалық ауыл мектептеріне арналған пәндік олимпиаданың жүлдегер оқушыларымен кездесті. Кездесуде аудан әкімінің орынбасары дарынды жастарды жетістіктерімен құттықтап, еліміздің болашағы білімді, талапты әрі отансүйгіш ұрпақтың қолында екенін атап өтті.

— Сіздер аудандық, облыстық және республикалық олимпиадаларда білімдеріңізді дәлелдеп, жеңімпаздар қатарынан көрініп келесіздер. Мемлекет басшысы мен Үкіметтің қолдауымен өңіріміздің білім саласында ауқымды жобалар жүзеге асырылуда. Облыс әкімінің тікелей қолдауымен аудандық мектептер заман талабына сай жабықтықталып, бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасады. Қазіргі таңда білім алуға ниетті жастарға барлық мүмкіндік жасалған. Өздеріңіз білетіндей, Мемлекет басшысы 2026 жылды Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жариялады. Жасанды интеллектпен жұмыс істеу құзіретін қалыптастыру мектеп қабырғасынан бастау алуда. Тәуелсіздік туғырының берік болуы сіздердің білімдеріңізге, жігерлеріңізге және асқақ армандарыңызға тікелей байланысты. Ауыл мектебінің дарынды жастарының республикалық деңгейде жоғары нәтижелерге қол жеткізуі — тек жеке жетістік емес, туған өлкенің, тұтас елдің мейірін өсіретін маңызды көрсеткіш, — деді аудан әкімінің орынбасары.

Иә, жыл сайын жалағаштық оқушылар білім додаларында топ жарып, аудан мерейін үстем етуде. Бұл жергілікті ұстаздардың бәсекеге қабілетті ұрпақ қалыптастыруда нәтижелі еңбек етіп жатқанын аңғартады. Әсіресе соңғы жылдары ауыл мектептеріне арналған пәндік олимпиадада жалағаштық оқушылар жоғары нәтиже көрсетіп жүр. Мәселен, 2024-2025 оқу жылында ауыл мектептерінің 9-11 сынып оқушылары арасында республикалық олимпиаданың аудандық кезеңіне 162 оқушы қатысқан. 81 оқушы облыстық кезеңге жолдама алды. Облыстық кезеңнің қорытындысымен 15 оқушы республикалық кезеңге өтті. 2024 жылдың желтоқсан

айында Астана қаласында ауыл мектептерінің 9-11 (12) сынып оқушылары арасында республикалық олимпиада өтті. Республикалық кезеңге Жалағаш ауданынан 15 оқушы қатысып, 12 оқушы жүлделі орынға ие болды. Сонымен қатар әл-Фараби атындағы №201 мектеп-лицейі «Үздік ауыл мектебі» номинациясына қол жеткізді.

Тарқатып айтсақ, бұл додада 3 оқушы 1-орын және алтын медаль, 5 оқушы 2-орын және күміс медаль, 4 оқушы 3-орын және қола медаль иеленді. Сондай-ақ Әл-Фараби атындағы 201 мектеп-лицейінің 11-сынып оқушысы Азамат Тұрсынбек Сүлеймен Демирел атындағы университеттің білім грантын жеңіп алды. Ал дәл осы білім ошағының 10-сынып оқушысы Айзат Тұрсынбек, 32 мектеп-лицейінің 10-сынып оқушысы



Кенжетай БАЛҒАБАЙҰЛЫ



Мұхан Жайна О.Жәутіков атындағы республикалық физика-математика мектебінде тегін оқуға жолдама алды.

Былтыр дәл осы білім сайысының аудандық кезеңіне 513 оқушы қатысқан. Оның ішінде 106 оқушы облыстық кезеңге жолдама алды. Одан сүрінбей өткен жалағаштық 22 оқушы республикалық кезеңге қатысты. Республикалық кезеңде 3 оқушы 1-орын мен алтын медаль, 2 оқушы 2-орын және күміс медаль, 3 оқушы 3-орын және қола медальға қол жеткізді. Мұнан бөлек 6 оқушы алғыс хатпен марапатталды.

Ауыл мектептері оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың қоғамдық-гуманитарлық бағыты бойынша Жалағаш ауданының оқушылары жеңістерінен көрінді. Аталған білім додасы былтыр 9-13 желтоқсан аралығында Астана қаласында ұйымдастырылған болатын. Командалық есепте Қызылорда облысы жоғары нәтиже көрсетіп, жалпы есепте II орынды иеленді. Бұл өңірдегі ауыл мектептерінде білім сапасының артып келе жатқанын айғақтайды.

Аталған олимпиадада Жалағаш ауданынан қоғамдық-гуманитарлық бағы-

ты бойынша 7 оқушы қатысып, 3 оқушы жүлделі орынға ие болды. Атап айтсақ, Темірбек Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицейінің 11-сынып оқушысы Рабия Қодар көш бастады. Сондай-ақ дәл осы білім ошағының 10-сынып оқушысы Ернұр Арғын да дараланды. Ал әл-Фараби атындағы №201 мектеп-лицейінің 11-сынып оқушысы Арнұр Нұрлыбекұлы үздік үштікті түйіндеді.

Кездесуде аудан әкімінің орынбасары Фани Сүлейменов ауыл мектептері оқушыларының білім мен еңбекті ұштастыра отырып, биік белестерді бағындырып жүргенін атап өтті. Сондай-ақ ол жас буынның жетістіктерін өңірдің білім саласындағы жүйелі жұмыстың нәтижесімен байланыстырды.

— Жалпы Қазақстан тәуелсіздік алған жылдардан бері білім саласын қарқынды қолдап келеді. Мұның айқын дәлелін өріге бармай-ақ өзіміздің аймақтан, аудандан байқауға болады. Қазіргі ұстаздардың басты мақсаты — бәсекеге қабілетті ұрпақ қалыптастыру. Осы бағытта жергілікті ұстаздардың еңбегі өз жемісін беріп жатыр деп нық сеніммен айта аламыз. Бұл сөзімізді сіздердің осыған дейін салада жеткен жетістіктеріңіз де қуаттайды. Білім жолында ізденуде шаршамағандар, өлден ізденісті күшейткендер, ертең соның жемісін көрседер. Алдағы уақытта елдің болашағы бәсекеге қабілетті ұрпақпен байланысты. Сондықтан сіздерді озық ойлы болуға, сол жолда ізденуге, талмай еңбек етуге шақырамын. Жеңісті күндеріңіз көп болсын, — деді Фани Сүлейменов.

Кездесуде оқушылар өз ой-пікірлерін ортаға салып, инновациялық бағыттағы жобаларымен, тажирібелерімен бөлісті. Бұдан бөлек аудан әкімінің орынбасары оқушылардың инновациялық жұмыстарынан құралған көрмені тамашалады.

Жиын соңында білім бөлімдерінде топ жарып жүрген озат оқушыларға аудан әкімінің алғысы мен сыйлығы және деушілер тарапынан басқа да сыйлықтар табысталып, үздік педагогтерге білім кәсіподағы комитеті атынан Ташкент қаласына 3 күндік жолдама берілді.

«Ой-сандық»: ой мен ұйымшылдық сыналған алаң

«Ой-сандық» зияткерлік байқауы — білім беру саласындағы кәсіби шеберліктің шынайы сыналар алаңы. Оқу және математикалық сауаттылық бағытында ұйымдастырылған аталған додаға әр ауданнан он мұғалімнен құралған тоғыз команда қатысып, өзара білім бәсекесіне түсті. Облыстық кезеңде аудан намысын қорғаған команда айрықша белсенділік пен жоғары деңгейдегі дайындықтың арқасында қарсыластарынан оза шауып, жеңіс тұғырынан көрінді.

Қызылорда қаласындағы «Абай» мектебі базасында өткен «Ой-сандық» олимпиадасы жай ғана зияткерлік жарыс емес, тіл мен логиканың ажырамайтын біртұтас құндылық екенін дәлелдеген мазмұнды сайыс болды. Ауданнан бес қазақ тілі және бес математика пәнінің мұғалімі бірігіп барып, әр тапсырманы бірлесі орындады. Бұл әр пәннің өз білігін көрсетіп қана қоймай, өзара ықпалдасуының шынайы үлгісі еді.

«Ой-сандық» олимпиадасы — тіл мен логиканың ажырамайтындығын дәлелдеп, Күрделі есептерді шеше алмау формула білмегеннен емес, мәтінді түсінбегеннен болатынын ұқтық. Расында тапсырмалардың түп-төркіні мәтіннің мәнін терең пайымдауда жатыр. Қазақ тілі пәнінің мұғалімі мәтіннің мәнін аша, математик мағынадан шешім шығарады, тапсырманы бірлесіп орындайтын нағыз командалық сайыс екенін осы дода айқын көрсетті.

Сайыс тек жарысуды ғана емес, ойлануды көп қажет етеді. Кім терең ойлайды, сол жеңіске жетеді. Нағыз функ-

ционалдық сауаттылыққа құрылған тапсырмалар мектептегі оқу үдерісіне де тың серпін беретіні байқалды. Мұндай форматтағы тапсырмаларды оқушыларға да орындатуға болады екен, — деді №118 мектептің қазақ тілі пәні мұғалімі Гүлнар Нұрабайқызы.

Сөз өнерінің шеберлері мен математиканың майталмандары бас қосқан додада аудан мұғалімдері әуелі өз мүмкіндіктерін жұптық кезеңде сынады. Бірінші жұптық турда 3-орынды қанағат тұтқанымен, бұл нәтиже оларды тоқтатпады. Керісінше жігерлендіріп, алға ұмтылуға серпін берді. Жалпы сайыс қорытындысында аудан командасы бар күш-жігерін жұмылдырып, білім мен бірліктің арқасында бірінші орынға көтерілді. Әр турдың өзіндік ерекшелігі болды. Екінші топтық кезеңде қатысушыларға 4 мөтін ұсынылып, небәрі 5 минут уақыт берілді. Уақытпен санасып, жылдам әрі нақты жұмыс істеуге негізделген бұл тапсырмалар терең түсінік пен ұшқы ойды талап еткен. Мәтінді жедел саралап, мағынасын ашып, логикалық қорытынды

жасау нағыз функционалдық сауаттылықтың көрінісі дерсіз.

— Байқауға аудан мұғалімдері арнайы платформамен дайындалып, жарыстың жобасын алдын ала біліп бардық. Бұл жүйелі әзірлік әр кезеңде сенімді өнер көрсетуге мүмкіндік берді. Финалдық кезеңге өткен төрт команда ұяшы таңдау арқылы жарысқа түсті. Әр таңдаудың артында тәуекел мен жауапкершілік тұрды. Бақ пен бап сынға түсетін сәтте біздің команда облыс құрамасына есе жіберді. Дегенмен бұл жеңіліс емес, тажирібе мен шыңдалудың бір белесі деп санаймын. Сайыс алаңы тағы бір мәрте білім мен бірліктің маңызын ұқтырды. Келер жылы ауданға бас жүлденің кубогын екелу үшін бар күш-жігерімізді, қарым-қабілетімізді жұмсаймыз, — деді №123 мектеп-лицейінің математика пәні мұғалімі Нұркен Бақытбергелулы.

Сайыстың басты ерекшелігі де сол жекейі ешкім топ бола алмайды. Бұл додада әркімнің білімі маңызды болғанымен, шешуші рөлді командалық үйлесім атқарады. Бірі мәтінді талдайды,



Гүлжан ЕСЖАН

Нәтиже

Қазіргі таңда білім беру саласының алдында тұрған маңызды міндеттің бірі — оқушыларды тек теориялық біліммен ғана шектемей, оларды ерте жастан еңбекке баулу, болашақ мамандығын саналы түрде таңдауға бағыттау. Осы мақсатта мектебімізде оқушылардың практикалық дағдыларын дамытуға арналған өндірістік оқыту комбинаты өз жұмысын бастады. Бұл білім мен еңбекті ұштастырған игі бастамаға айналып отыр.

Өндірістік оқыту комбинаты: білім мен еңбек ұштасқан алаң



Былтыр қаңтар айында жұмысын бастаған өндірістік оқыту комбинаты оқушыларға кәсіби бағдар берудің нақты алаңына айналып отыр. Бүгінде комбинат аясында бірнеше бағыт бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде. Соның ішінде оқушылар арасында ерекше қызығушылық тудырып отырған бағыттың бірі — «каспашылар академиясы» курсы.

Аспаз — адамзат өркениетімен бірге қалыптасып, ғасырлар бойы маңызын жоймаған қадірлі мамандықтың бірі. Аспаз — тек тағам әзірлеуші ғана емес, ұлттық дәстүр мен мәдениетті, эстетика мен денсаулықты бір арнаға тоғыстыратын өнер иесі. «Аспазшылар академиясы» курсына қазіргі таңда екі топ қатысып, аптасына үш рет тұрақты түрде сабақ алады. Сабақ барысында оқушылардың тағам дайындауға деген қызығушылығы артып, өз қолымен әзірлеуге деген ынтасы айқын байқалуда. Олар аспаздықтың қыр-сырын меңгеріп қана қоймай, бұл мамандыққа деген құрмет пен жауапкершілікті сезіне бастады.

Курс барысында оқушылар ұннан жасалатын түрлі тағамдарды дайындауды үйренді. Атап айтқанда, пицца, бауырсақ, куймақ секілді күнделікті өрі ұлттық тағамдарды әзірлеу тәсілдерін меңгеріп, ас дайындау кезіндегі қауіпсіздік техникасы мен санитарлық-гигиеналық талаптардың маңызын терең түсінді. Сонымен қатар күзгі өнімдерден түрлі консервілеу жұмыстарын жүргізіп, тәжірибелік дағдыларын шыңдады.

Жақында облыс көлемінде өткен форумда оқушылардың дайындаған өнімдері көпшілік назарына ұсынылып, мектебіміздің өндірістік оқыту бағытындағы жұмысы жоғары бағаланды. Бұл — оқушылар еңбегінің нақты нәтижесі ғана емес, ұстаздар мен мектеп ұжымының жүйелі жұмысының жемісі.

Өндірістік оқыту комбинаты оқушылардың еңбекке деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың жауапкершілік, ұқыптылық, өз бетімен жұмыс істеу, шығармашылық қабілетін дамытуға зор ықпал етуде. Сонымен қатар бұл бастама мектеп пен қоғам арасындағы байланысты нығайтып, еңбек нарығына бейім, бәсекеге қабілетті жас ұрпақ тәрбиелеуге бағытталған.

Бұл өндірістік оқыту комбинаты ауданда болған әртүрлі іс-шараларға, облыстық және аудандық семинарларға белсене қатысып келеді. Соның бірі — жалпы білім беретін мектеп оқушылары арасында өткен «Junior Skills-2025» шеберлік байқауы. Байқаудың аудандық кезеңінде «Кондитерлік іс» бағыты бойынша шәкіртім, №201 мектеп-лицейінің 10-сынып оқушысы Балнұр Шәмшат II орын иеленді.

Өндірістік оқыту комбинатында 50 оқушы қамтылған. 25 бала аспаз мамандығына, 25 оқушы тігінші мамандығына қатысады.

Жалпы мектебімізде ашылған өндірістік оқыту комбинаты — оқушылардың жарқын болашағына жасалған маңызды әрі нақты қадам. Алдағы уақытта комбинат аясында түрлі шеберлік сабақтары, практикалық жұмыстар мен кәсіптік бағдар беру шаралары ұйымдастырылып, бұл игі іс өз жалғасын табады деп сенеміз.

Гүлжан ЕРЖАНОВА,
әл-Фараби атындағы
№201 мектеп-лицейінің
көркем еңбек пәнінің мұғалімі



3 ТАНЫМ

Өзбекәлі Жәнібеков – 95 жыл

Өзіміздің Өзағаң

Өзбекәлі Жәнібеков – «халқыма қызмет қыламын, еліміңіз азаматы болымын, жұртымның бір қадесіне қайтсем де жараймын» деп алдына асқаралы мақсат қойған қазақтың бар баласына үлгі болатын тұлға. Жәнібековтің жолы – ұлтын шексіз сүйген ұлы қайраткердің жолы. Сондай парасатты жанды, дегдар тұлғаны өркез еске алып, оның өнегелі істері мен ісінің көлбегін әйгілейтін естеліктерді үзбей жариялау – біздің борышымыз. Өзағаң дегеніміз – таусылмайтын өңгіме.

Тосын хабар

Алпысқа келдіңіздер, Бәрің де көрдіңіздер. Бәріне сөздіңіздер, Бәрің де бердіңіздер. Алпысқа келсең екен енді біздер... 1991 жылы Өзағаң Мұқағали Мақатаев армандаған асқао таудай алпысқа толды. Қазақстан Жазушылар одағы ішіндегі «Қаламгер» мейрамханасына бір атадан тараған ағайындар кеші сағат алтыда жиналды. Көкеміздің туған күнін қалай атап өтпекпіз? Өз ортамызда той иесінің өзі жоқ. Өзағаң қайда? Бір сағат күттік. Жоқ. Екі сағат күттік. Жоқ. «Бір шұғыл шаруасы шығып қалған шығар, тойды бастай берейік, кешіксе де келіп қалар» деп жаолы дастарханға жайғастық. Көкеміз көрінбейді, кіміе тілек айтамыз? Алқақотан жылған ағайындар бір-бірімен шүйрегілесіп, әжік-күжік өңгімеге көшті. Той ортасынан ауыздар алпысқа толған ағамыз жалғыз өзі жарқ етіп көрінді-ау әйтеуір. Бәріміз қол шалапалатқар қарсы алдық. Өз тойына өзінің кешігіп келген себебін бір-ақ ауыз сөзбен түсіндірді.

– Орталық комитеттегі жиналыстан қазір шықтым, – деді.
– Совет одағы тарайды!
Үш ұйықтасақ түсімізге кірмейтін тосын хабарды естіген елдік бәрі үрпісіп қалды. Әуелінде «Әкең өлді!» дегендей естіді. Сөнібейді. Аузымыз ашылып, аңырдық. Төбемізден жейтүскендей ағайындар түрік қарасақ, о жақтан! Арқасы кеніген адамдай арқа-жарқа. Жүзі жайдары. Коммунистік партияның құз басынан құлағанын қуаттандық, өкініш табы өңнен байқалмайды. Сыр алдырмайтын сыртас ағамыздың ішінде ұлт мүддесінің байыпты бағдарламасы жатқанын ол кезде аңғармадық.

Шалалық пен даналық

Он айдай Мәдениет министрі болып істеген Өзбекәлі Жәнібеков 1987 жылдың соңына таман Қазақстан компартиясы орталық комитетінің идеология хатшысы болып тақта отырды. Қаламгеріміз аспанға атып қатты қуандым. «Бір адам таққа отырса, қырқы адам атқа отырады» деген Әй, енді менің айым оңынан туатын шығар. Саяси-сатиралық «Ара-Шмел» журналында жауапты хатшымын, енді бір секірсем, бас редактор болып қалуым мүмкін. Төрт келіп тұр. Он екі жылдан бері осы журналдың отымын кіріп, күлімен шығып келемін. Сатиралық төрт-бес жинағын шығып, есімім елге танылды. СССР Жазушылар одағының мүшесімін. Өзағама барайын. Етінішді айтайын деп үшешім.
Белді бекем будым да, есің қатқым. Сүт сұры келіп, шелегімді несіне жасрайың мақсат-мүддеміз бағандым. Меселіңді қайтарып, жекіңіріп сөйледі. «Ара» журналының бас редакторы» деген құрғақ атақтың саған не керегі бар?» деп тұрса қоя берді.
– Ол жұмыс сенің қолыңды байлап, аяғыңа тусуа салады. Шілдерленген ат секілді алысқа ұзап шаба алмайсың. Одан шығармашылықтың айналысы. Соған көбірек көңіл қой. Сені шыңға шығаратын шығарма ғана! Отырған орнында емес, оқырманды оқла. Шалалық пен даналық.
Шаруам бітті! Шалқайып барып, еңкейіп қайттым. Іштей өкпеледім. Қазір бақжалып қарасам, менің шалалық, ол кісінің даналық екен.

Профессор сыңашы інім Құлбек Ергөбек те мен секілді бұрылған мен секілді ұрынған. Он айтады: «Бірде Өзағама барып, «Көке, осы менің неге бір жерге бастық қылып қоймайсың, өмір тәжірибем де, іс тәжірибем де жетерлік емес пе?» дегенім бар. Сонда «Қарағым-ай, сенің мінезің жұмысқа қой, Сен бала жылса, осы жылдайтын жасың, айлакер адам емессің. Тысық айла, тасілің аз, тура мінездің адамсың. Осы жауабыңның жетпей ме, кімнен кемсің?» деп кесіп тастаған» деді.
Құлбек менен жастау ғой. Онсық – шалалық емес, балалық.

Өзағаңның жүзімі

Жексенбі болатын. Оянганым сол. Таңала-кеудіме телефон шырылдады. Көтердім. Жұмысқа, Биызы дауыс. Үні, сөз саптауы таныс. Бірақ танымады. Аман-саулықтан соң – Бүгін қолаң бос па? – деді.
– Сіз үшін уақыт табымыз ғой, көке! – дедім отүтсізше орағылып.
– Онда қазір үйге кел. Данаға барамыз, – деді «бейтаныс» көкем.
– Қай үйге барайың? – дедім кім екенін білгім келіп.
– Мәнде қанша үй бар еді? Бір-ақ үй ғой, – деді о кісі де алдырмай.
«Ойларың, кім болды екен?» деп аң-таңмын.
– Көке, үйге кірмей-ақ қойың. Данаға шығыңыз. Қай кеше мен қай кешіңіз қиылысында тұрасыз? Сол жерге барайың.
– Сен онда былай істе. Әлгіңде Керімге телефон соқтым. Машинңа бар ғой, соны үйінен алып, маған кел.
Керімді білемін. Пірімқұлов. Парламент мәжілісінің депутаты. Сол бауырыма телефон шалдым.
– Кереке, көкеміз даңаға шақырып жатыр екен – дей беріп едім.
Иә, иә! Қазір ғана сөйлестім. Өзбекәлі ағамның даңасын көрген жоқ едім. Жақсы болды – деп қуанғандар тай танытты.
Oh-o-o! Өзекен екен ғой. Өзбекәлі Жәнібеков. Оқ-ның хатшысы. Жақында ғана зейнетке шыққан.
Сонымен «қоғамымыз» сүйретіп, Өзағаңның саяжайына бардық. Қалың жөңгем немерелерімен сонда екен. Қауқылдасып амандастық. Алатаудың баурайындағы айналасы апты-жеті сотық аядай жерге аршыған құмыртқадан үй тұрғызыпты. Үй деген аты ғана. Бір-ақ бөлмеілі. Кірберісте дәліз мен шағын асхана. Болды. Бар-жоғы сол «Жұрттар тастан сарай салызып жатқанда көкемің мұнысы несі?» деп ойладым. Осы ойымның ағынымен – Көке, мына жерге біреу тәуір салып жатыр ма? – дедім көршінің көк тіреген зәулім ғимаратын иегімен меңзеп. Жауап бермеді. Үн-түңсіз. Тіпті жүзінде «Сен не деп тұрсың?» деген ишара да жоқ. Өзің ыңғайсызданып қалдым.

Білдей бір депутат, бір сықақшы, сосын ОҚ-ның хатшысы үшеуіміз туске деген жер аудардық. Өзағаң шаршамайды. Күреңге сүйеніп, сөңгіл-демалады да әрі қарай кірседі. Баяғы бала кезден көлің қолымызға кеткен-күрек ұстаған емеспіз, екі рет еңкірейсің еттің қаламыз. Осының байқады ма қайдан, Қалың жөңгей – Біреулерді әкелсе сөз қылды деді ме, ағайын болғанын екеуіңді шақырды ғой, – деді аяушылық білдіріп.
– Жо-жоқ, жөңеше. Қанымыз жүріп, адам болып қалдық! – деді депутат қайысы тігісін жат-



Кызып.

Түсте дастархан басына жиылдық та, бұйырған дәмнен татып, тыныстадық. Өңгіме барысында: – Ағаларың сондай, – деді жөңгем көкемізге өкпе-назын танытып.

– Жұрт бір үйің өкпе, екі үйін үшеу қылып үлкітейтін жатса, ағаларың қызықтайды. Тіпті ондайларға аяп қарайды. Зейнетке шыққаның өкімет «Интернациональның» кешесінен төрт бөлмеілі үй берген екен. «Кемпіріміз екеуімізге екі бөлме де жетеді» деп төрт бөлмеілі үйден бас тарттыпты. Соны естігенің дәулердің есіңн қағып жүріп, үш бөлмеілі пәтерді әрең қайтарып алдым.

Көкеміз жөңгейге көзіңіз астымен бір қарады да, қоя салды. Үндемеді. Не ойлады екен?

Мен енді көзімнен көріп, көңілмен түйгенімді баяндайын. Өңгімеміздің басы басталды да аяқталмай қалды ғой. Өзағаңның саяжайына орапайын. Түстен кейін жиі елігген жүзімдерді жөңгелеп, арасын сиретіп артылған он шақты түбін шетке қойғасың – Көке, – дедім сыйайлап.

– Бағызда паркке барсақ, «Мына ағашты член Политбюро ЦК КПСС Павленко Түгеншевич өккен» деген жазуды оқытыңыз. Сіз кімнен кемсіз? Сіз де біз үшін член Политбюросың. Осы артылған жүзімдеріңді тамыры бұсап тұрғанда біздің саяжайға апарып өз қолыңызбен өксіңізші. Бір жүзімнің түбіне «Өзбекәлі Жәнібеков отырғызған» деп жазып қоямыз.

Ойнап айтқанымызды о шіркін-ай, Өзағаң шындала көрді.
– Данаң қайда? Кеттіңі – деді.
Апыл-ғұпыл ұбап-шұбап біздің саяжайға бардық.

– Көке, ырым болсын, өз қолыңызбен бір түбін қаданыңыз! – дедім.
Рахым Сатаев, Сағыншы Сариев секілді көрші-қоландарым Өзағаңды көргенін жиылып қалған еді. Ыңғайлы жерден шұқыр қазып, жеті түп жүзімнің біреуін өз қолымен отырғызды.

– ЦК-ның секретарына жер қазырып қойған әй, Келесі-ай, сен де пәлесің ғой! – деді көшілерім қалқыңа басып.

Қалың жөңгей қызық оқиға айтып.
– Бү кісі, – деді Өзағама бұрылып.
– Комсомолдың бірінші хатшысы болғанын көйбір жиналыстар мен мерекелерге мені ертіп жүретін болды. Бір күні: – Киің, кеттің! – деді.
– Қайда?
– Паркке.
– Өзің бара берші! – дедім.

– Сенсіз болмайды. Мәскеуден бір үлкен кісі келген екен. Сол кісі паркке ағаш отырғызды. Тәртіп бойынша біз әйелдерімізбен барып, төңірегінде тұруымыз керек, – деді. Бардық. Атың есімде жоқ, бір еңгезердей орыс парктің бір шетіне шырша отырғызды. Қол шалапалатқар. Бітті. Қайттық. Келесі жылы шет жақтан тағы бір дөкей келген екен. Тағы да сол паркке бардық. Былтыр екен ағаштың орны үңірейтіп тұр. Оны жұлып тастап, дәп сол жерге әлді бейтаныс дөкей жаңа шырша қондырды. Бәріміз қол шалапалатқар қайттық. Келесі жылы тағы да сол шыршаның орнына жаңа келген біреу жаңа шырша өкті. Келесі, сен сықашысың ғой, осы көзбояушылықты жазың! – деді.

Жаздым. «Жалғыз шырша» деген сықақ жаздым.

Сонуо жетпісінші жылдары Торғай облысы ашылғанда Өзбекәлі Жәнібеков сол өлкеге идеология жөніндегі хатшы болып барды.

Қазақтың көрнекті ақыны Серік Тұрғынбеков сол дәуірдегі Өзағаңның атқарған шаруаларын аузынан тастамай аңыз қылып айтақын талай естідім.

– Отызға да толмаған жас кезім, – дейді Серік аға көзбен көргенін кестелеп сөйлеп.
– «Лениншіл жас» газетінің (қазіргі «Жас Алаш») осы облыстағы меншікті тілшісі болғандықтан Өзағаңның жанына ілесіп кел жүрдім. Неге екенін білмеймін, мені жақын тартты. Сондай бір сапарда малшы ауылдарда аралап, айдаладағы шопан-ың ақбоз үйіне тоқтадық. Обком хатшысы келді деп бәрі білдім. Кіміз үйдің ішінде дастархан жайылды. Дәм татып, сөз тыныстадық. Кетер кезде Өзағаң: – Анау ескі алдында жатқан ағаш ыдыс не ыдыс? – деп сұрады.

– Итаяқ! – деді шопанның әйелі.
– Итаяқ болса... Сол итаяқты маған беріңізші, Арқалыққа алып кетейің – деп биызы даусым мөн өтініш жасады.

Айналасындағылар «Обкомның хатшысы итаяқ сұрағаны несі?» деп аң-таң болды. Сол «итаяқ» Өзағаңның өзі ұйымдастырған Арқалықтағы өлкетану музейінің төрінде тұр.

Сөйтсек, сол «итаяқ» XVII ғасырда ағаштан ойып жасалған аса құнды астау екен. Бабалардың көзін көрген жөдігерді алыстан қалай аңдаған? Таңғаласың.

Ғасырлар бойы қалыптасқан қазақтың әдет-ғұрып, салт-санасы мен дәстүрі «итаяққа» айналып кетпесе үшін Өзағаңның атқарған шаруасы ұшан-теңіз.

Ақ бесік

Белгілі сықақшы, жазушы, этнограф Сейт Кенжеахметұлы қазақтың салт-санасы мен дәстүрі туралы әр томы дірменетін тасындай үш кітап жазғаны белгілі. Жазды дейміз-ау, жазған жоқ. Ел аузынан жинады. Жинақтады. Шешік төргендей төрді. Зерттеді. Зерделеді. Түпкі. Түйіндеді. Ол еңбектерін кейінірек қазақ, орыс, ағылшын тілінде бастырып, «Өнер», «Атамұра» баспасынан өлденеше рет шығарды. Оқырмандар құнды кітаптың арзан-қалыбатына қарамай пышақ үстінен үлестіріп алған өкпенің білімін «Сейт аға» дедім бір күні.

– Сіз ау баста әзілшек болып жаралып, ғылым жолына қалай түсіп кеттіңіз? Өлде қызықтыңыз ба?

– Оның тарихын айтайын деп Секең ағымнан жарылып, ақтарылды.

– Облыстық «Торғай таңы» газетінің жауапты хатшысы едім. Редакторымыз Ақтөбенің тұмасы Нұқы Қартбаев деген кісі. Жұмыста отыр-

ғаныма: – Сені обком хатшысы Өзбекәлі Жәнібеков шақырып жатыр. Қазір барып қайт! – деді редакторым. Бетіңе қарасам, реңі қашып кеткен. Үрейлі. Сірә «Менің орнымды алып қоюға әрекеттеніп жүр-ау?» деп іштей қауіптенсе керек. Бардым. Тапсырма берді.

– Қазақ халқының салт-дәстүрлері, дархан дастарханы, тұрмысы мен мәдениеті туралы ел аузындағы ескі өңгімелерді жина. Бүгіннен бастап осы шаруаға кірісі! – деді.

Қаперімде жоқ нәрсесі, қапелімде не дейің, қатты әбіржідім.

– Өзаға, мен облыстық газетте жауапты хатшымын ғой. Өңізің білесің, оның жұмысы көп. Сіздің тапсырмаңызбен айналысуға уақыт бола қояр ма екен? – дедім.

– Жауапты хатшылықты басқа біреуге тапсыр. Бірақ сол айлықпен өріңде жүретін бөлмеге ауысыңыз. Редакторына өзім айтмай – деді Өзағаң.

Келістім. Редакцияға келгенімше редакторыма тапсырма беріп қойыпты. Нұқы аға қунағаны сонша құшақ жая қарсы алды.

«Өзағаңның тапсырмасын тап-тұйнақтай етіп орындамаса ұят болады!» деп ойлауды да күтіпана кірістім. Мұншама міндетті маған неге жүктегенін кейін түсіндім.

Жас кезімде ағаш шебері болсам деп армандаған. Армандап қана қоймай, ұста болам деп ұтылғаным бар. Өз жипазымды өзім жасап, үй ішіне қойып қостатымын. Үйлендім. Перзенті болдым. Кіндігі кесілген жас баламды бөлестің бесікті өзім жасадым. Баламан несің аяйың, барымды сапып өрнектейді. Сол бесікте екі қыз, төрт ұлым тербеліп өсті. Өзағаңның ұйымдастыруымен ашылған облыстық өлкетану музейіне алты балам жақын ақ бесікті тапсырған болатынымын «Мынадай бесікті жасаған ұста-ның ұлдық рухы бар» деп ойлаған-ау шамасы. Мені тауып алып, тапсырма бергені де сол екен. Көрегендік емей немене?

Қандай қажеттілік?

Амангелді ауданында өтетін шопандар тойына бара жатқан Өзағаң қасқа жолдың қақ маңдайындағы «Добро пожаловать!» деген жазуды көзі шалады. Алдынан шыққан аудан басшысына: – Келген меймандарды орысшалап қарсы алу қандай қажеттіліктен туды? – деп үндемеді.

– Шопандардың алдында оқытын бандамаң дайын ба? – дейді.
– Дайын. Мінекі.
– Көз жүрітіп қараса, орысша жазылыпты. Қандай орыс қойшы бар? – деп сұрайды Өзағаң.

– Орыс қойшы жоқ, Бәрі – қазақ.
– Қазақ қойшыларының алдында орысша бандама жасау қандай қажеттіліктен туды? – деді де бандамаңның көз алдында жырып тастады.

– Қазір барғасын қазақша сөйлейсің!
Ауданның бірінші хатшысы қара терге түсіп, қазақ тілінде ауызша айтып шығады. Тілінің үзітіннен емес, жүрегінің ішінен шыққан табиғи сөзге күллі шопан қол соғып риза болыпты.

Шопандар тойынан соң Өзағаң Арқалыққа қайтып бара жатып артына бұрылып қараса, қасқа жолдың қақ маңдайына «Қош келдіңіздер!» деп жазып қойыпты.

Жүрек жұтқан адам

Іс-сапармен Отар стансасына бардым. 1985 жылдың желтоқсан айы. Шағын қоңақ үйде орын жоқ. Енді қайттым?

– Пункте бір кісі жатыр. Соның ауызығы бөлмеде бір диван бар. Соған жатасыз ба? – деді қоңақ үйдің қожайыны.

– Жарайды.
Жайғастым. Бейтаныс кісімен амандастым. Екі көзіңіз нұры бар егделер өз азаматпен танысты. Аты-жөні – Тастемір Байтелин. Жалын атқан жас кезінде Орталық комсомол комитетінің бірінші хатшысы Өзбекәлі Жәнібековтің құзырында бөлім менгерушісі болып істепті. Қазір Жамбыл облыстық тұтынушылар одағының төрағасы екен. Жұн сұрасты.

– Қайдан келдің?
– Алматыдан.
– Тұған жерің?
– Шымкент облысы.
– Оның қай жері?
– Шәуілдірден.

– Е-е, Өзбекәлі Жәнібековтің ауылынан өккенсің ғой! – деді де өңгімені тиегін ағытты.
– Мәскеуде өтетін бүкілодақтық бір жынға Қазақстаннан 150 комсомол жас бару керек болды. Олардың қайсысы қай облыстан туған жылы мен ұлтын көрсетіп жазылған тізімді Өзекәлінің алдына апардым. Шұқылап қағазға үңілді. Қарасам сәусек бүгіп санап отыр. Нені? Кімді? Білмеймін. Бір кезде алдында жатқан дәу қара қайшымен әліп апарған қағазды тұрап-тұрап тастады да, «Мәскеуге баратын 150 делегаттың жүзге жуығы орыс ұлтынан. Бул қалай? Мәскеудегі орыстарға орыс апарып, орыстарды таңғалдыра алмайсың» деді жай ғана жабьқау үнмен.

– Жүз орыстың орнына жүз қазақ дайындаңдар. Қалғаны бітті. Тапсырманы тастай қылып орындадық. Өзағаңның мұндай батыл қимылы ерлікпен пара-пар еді. Жүрек жұтқан адам ғой.

«Айқарақөз», Мәдина

Қызылордадағы музыка училищесінен кейін Алматыдағы қыздар педагогика институтының музыка факультетінде оқып жүрген жас әнші Мәдина Ералиева «Ақбаян» әнімен әйгілі бола бастады да, кейін көгілдір экраннан көрінбей білім-ғылым жоғалды. Мәдина қайда? Не істеп жүр? Ешкім білмейді. Хабарсыз. «Ешкімге ұқсамайтын ерекше даусы бар еді, өңіштілі бер-көр қойды-ау» деп уайымдап жүргенімде бұлт арасынан шыққан алтын Айдай болып көрерменнің көзімізге айналды. Ақын Жарасқан Әбдірашевтің өлеңіне жазылған композитор Қалдыбек Құрманәлінің «Кірмеші жиі түсіме»

сияқты әсерлі әндерден кейін халық әні «Айқарақөзді» орындап, бар көрерменді баурап алды.

Бір ең кешінен кейін Мәдина екеуіміз өңгімелестік. Өткен-көткенді қозғап сырластық.

– «Ақбаян» әнімен атың жер жарды да, артыңша көрінбей кеттің ғой. Себебін айтып, неге? – деп сұрадым.

– Мен жоғалайын деп жоғалдым дейсің бе? Жолым болмады.

– Жолым болмағаны қалай?
– Қос диплом қолымда. Бармаған жерім, қақпаған есімім жоқ. Мені ешкім жұмысқа алмайды, не «Қазақконцерт», не филармония, не театр... Бәрінің айтатыны, «Дауысың баланың дауысы сияқты. Детский дауыс» дейді. Тауым шағыл-ғасын ағалардың ақылымен кандидаттық диссертация қорғау үшін ғылым академиясына жұмысқа тұрдым. Тақырыбымды белгілеп, ғылым академиясының архивінде отырсам, Өзбекәлі аға өтіп бара жатыр екен, амандастым. Шырамытып тұрған кісідей бетіме қарап тұрды да «Мәдинасың ба?» деді.

Мен бас ізедім. «Мұнда негіз жүрсің?» деді. «Диссертация қорғайын деп жүрмін, аға» дедім. «Сенің бағың ғылымда емес, сахнада. Диссертация қорғамай-ақ қой, көп болса Қазақстанда бір ғалым кем болар. Ертен сағат он бірде маған кел!» деді. Жүрегім алып-ұшып айтқан уақытында жеттім. Ол кезде Өзағаң Алматы облыстық атқару комитеті төрағасының қатардағы орынбасары болатын. Бағым жанды.

Өзағаң құрған «Адырна», «Сазген» фольклорлық ансамблінің белді мүшесі болып, өнім арқылы әлемді шыралады. Астрольдік сапармен қаншама шетелдік көрерменге концерт қойдық.

– Айналайын Мәдина, оның бәрі белгілі. Ал тыңдармандардың аузын ашып, көзін жұмырды таңғалдырған «Айқарақөз» өнім таңдауының тарихын айтып. Жұрт білсін.

– Ол енді орындау ойымда жоқ. Бір күні Өзағаң «Халықтың жүрегінен туған «Айқарақөзді» орындап көрсен қайтуды?» деді.

Күтпеген нәрсем. Ойлабастан «Ой, аға, ол ән – өте күрделі ән. Менің даусыма келмейді!» деп басымды ала қаштым. «Айқарақөз» сөзі шыңға шығарды. Орында!» деп нұсқау бергендей сыйнап танытты. Тәуекелге бел буып дайындалдым. Сан мәрте репетицияма қатысты. «Мына жерін олай айта, былай айт!» деп қоныр даусыммен қосылып әндеткенде, біраз нәрсені білмейтініме ұалдым. Егер Өзбекәлі Жәнібеков болмағанда, өңші ретінде бағым жанар ма еді, жанбас па еді? Бір мен ғана емес, бар қазақтың бағын ашуға барын салған ағамыз көреген ғой, көреген.

Қазақтың қаны

Жаңадан ашылған Торғай облысының әлеуметтік, мәдени мәселелерін шешу мақсатымен ай сайын Алматыға келіп «Қазақстан» телвараңсы арқылы «Арқалықтың сөйлеп тұрмыз!» атты хабарды Өзағаңның өзі жүргізіп отырған. Не үшін? «Құда да тыныш, құдағи да тыныш» өмір сүруіне болатын еді ғой. Көк, Өзағаң өйтпеген. Ұлты үшін ұмтылған, жаны жай таппаған. Валсы королі Шәмші Қалдаяқовпен бірге ақын Мұхтар Шахановты облысқа шақырып, Торғай туралы ең шығаруды тапсырды. «Қосылаң соқ өзек секілді екі дарынды ерекше өн туады. Әтннің аты – «Арқалықтың ақ таңы».

Әнді Өзағаң құрған «Шерттер» атты этнографиялық-фольклорлық ансамблдің жас әншісі Отарқұл Мұқатаева алғаш рет орындап, ол ең Торғай облысының гимніне айналды. Қазір бул әнді Жұбыншы Жексенұлы шырайын келтіріп шырақ жұр.

Әйгілі композитор Өсет Бейсеуов: – Шәмші аға, «Арқалықтың ақ таңын» жақсы шығарыпсыз. Құтты болсын! – десе, жарықтық Шекен: –Торғайға барсаң, өңнді сыйлап бар. Әйтпесе Жәнібеков бөлмеге қамап қойып, ең шығарғана шығармайды! – деп әзілдеп көрсет.

Олай дейтін себебі де бар. Өнер адамдары, оның ішінде Шәмші Қалдаяқовты халық қошеметіне бөленген дара дарынды қамап, қадалаған ұстамаса, қолдан-қолға тимей кетуі әбден мүмкін. Ондай да оқиға болған. Әдемі өн туып, қамап қойған «қапас» бөлмеден шыққан Шәмші ағамыз Алматыға қайтатын күні табылмай қалған. Жоқ. Қайда? Ешкім білмейді. Бір болса, Серік Тұрғынбеков белді дегендердің жорамалдары дәл келіп, Серік ақын арқылы Шекенді оңай тауып алады да, Өзбекәлі Жәнібековтің кабинетіне алып келеді.

– Бүгінгі рейстем қалып қойды, қашан қайтасың? – дейді Өзекен түнеріп.

Не дей қойсың, жарықтық Шәмші.
– Бүгін қайт десе, бүгін қайтамын, ертең қайт десе, ертең қайтамын, арғы күні қайт десе, арғы күні қайтамын! – деп жауап қайырағанда, Қыртысы жазылмай отырған қиқар мінез Өзбекәлі Жәнібеков мығығанын мырсы етіп күліп жіберген екен.

Ұлттық бояу

Сараптама

Қызылша қайта қаулады

Қызылша тағы өршіді. Дәрігерлер екпе алуды міндеттеп отыр. Ал ата-аналардың басым көпшілігі өзіндік тұжырым жасап, сан тарау ойдың соңында әлек. Бірі қауіптің алдын алуға асықса, енді бірі күмәннің құрсауынан шыға алмай дал. Тіпті еліміздің ірі қалаларында «вакцина қабылдамаған балаларды ауруханаға жатқызбаймыз» деген талап та айтыла бастады, яғни емделуші екпені кемінде 21 күн бұрын қабылдаған болуы шарт. Алаңдауға себеп те жоқ емес. Қай тараптың уәжі салмақты? Қайсысы қоғамдық қауіпсіздікке қызмет етеді? Қызылша қайта бой көтерген шақта осы сауалдар елді бейжай қалдырмай отыр.



Қызылша жай ғана балалық шақта жеңіл өтетін дерт емес. Көзге көрінбейтін, бірақ қоғамды тұтас алаңдатуға қауқарлы аса жұқпалы инфекция екенін мойындауымыз керек. Бір үйден шыққан сырқат санаулы күн ішінде бүтін бір сыныпқа, тіпті қалаға таралуы мүмкін. Сондықтан медицина қызылшаны күшкір вирус деп сипаттайды. Ғылыми тілмен айтқанда, қызылша – ауа ташылары арқылы тарайтын жедел вирустық ауру. Науқас адамның жетелі мен түшкіруі арқылы тарған вирус сау адамның тыныс жолына енеді. Әуелі дене қызуы көтеріліп, әлсіздік білінеді. Бірнеше күннен кейін денеге бөртпе шығып, аурудың шарықтау кезеңі басталады.

көрсетілді. Ал Канада қызылшадан жойылған мәртебесінен айырылғаны ресми түрде жарияланды. Еуропа мен Орталық Азияда 2025 жылы тіркелген жағдайлар саны алдыңғы жылмен салыстырғанда шамамен 75 пайызға азайғанымен қауіп толық сөйленген жоқ. Әлемнің басқа бөліктерінде де жағдай алаңдатарлық күйде. 2025 жылы дүние жүзінде 200 мыңнан астам қызылша жағдайы тіркелген. Ауру кең тараған елдердің қатарында Үндістан, Пәкістан, Нигерия, Йемен және Индонезия бар. Бұл мемлекеттерде екпе қамтылуы жеткіліксіз өңірлерде індет шоғырланып, таралу ауқымын кеңейтіп отыр, яғни өлемдік ахуал қызылшаның өлі де бақылауды талап ететін аңғартып отыр.

Сондай-ақ науқастардың 26,5 пайызы – вакцина жасына жетпеген балалар. Бұл санаттағы сабилердің қорғанысы тікелей ұжымдық иммунитет деңгейіне тәуелді, яғни бір отбасының шешімі басқа бір сәбидің қауіпсіздігіне әсер етеді деген сөз. Мамандардың айтуынша, қызылша науқаспен байланыста болған екпе алмаған адамдардың 90-95 пайызына жұғады. Вирус жетелгенде, түшкіргенде, тіпті сөйлесу кезінде таралады және жабық ғимарат ішінде екі сағатқа дейін сақталуы мүмкін. Барлық жағдайдың 63 пайызы екпе алмаған балалардың үлесіне тиесілі. Мектепке дейінгі ұйымдарға баратын балалар 14 пайызды, мектеп оқушылары 7 пайызды, студенттер 5 пайызды құрайды. Қалған шамамен 10 пайызы – екпесіз немесе иммунитеті әлсіз ересектер.

рiнен шығып, ұлт денсаулығы алдындағы мiндетке айналса құптарлық. Олай дейтiнiмiз, қоғамда қызылшаға қатысты көзқарас әркiлi. Кей ата-ана оны «жеңiл өтетiн бала ауруы» деп қабiлдайды. Кейбiрi дiни ұстанымды алға тартып, вакцинадан бас тартады. Жасыратыны жоқ, қазiргi кезде әлеуметтiк желi жалған мөлiметтiң жылдам тарайтын алаңына айналған Қызылшаға қарсы вакцинаны аутизммен ДЦП-мен қант диабетiмен байланыстыратын негiзсiз пiкiрлер ата-ананың алаңын үдеттi. Соның салдарынан бас тартушылардың 7-10 пайызы дәл осы күәсетке сенiп шешiм қабылдайды. Бiрақ ғылым не дейдi? Халықаралық зерттеулер қызылшаға қарсы екпенiң аутизмге де, ДЦП-ға да қатысы жоқ екенiн нақты дәлелдедi. Норвегия, Швейцария сынды елдердегi ауқымды ғылыми жұмыстар да осыны растады. Ғылым айқын сөйлеп тұрғанда, үрей неге үстем болуы тиiс?

Онкологиялық ауруларды ерте анықтаудың ең дәл әдісінің бірі ПЭТ/КТ зерттеуі енді Қызылорда тұрғындарына да қолжетімді. Тексеру «Oghun Medical» компаниясының жаңа медициналық орталығында тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі (ТМККК) аясында жүргізіледі.

Онкологияны жеңу жолы — ерте анықтау



Қызылорда қаласының тұрғыны Гүлсім Жанпейісова тексеруден тұрғылықты жері бойынша өту мүмкіндігі үшін және онкологиялық ауруы бар науқастарға көрсетіліп жатқан қамқорлық үшін алғысын білдірді. Ол 7 жылдан бері онкологиялық ауру бойынша диспансерлік есепте тұратынын айтады. Бұрын тексеруден өту үшін Алматы мен Астанаға баруға тура келетін. – Бұл жол шығындарын көбейтпей өрі науқас адам үшін ұзақ сапар өте қиын. Енді қымбат тұратын тексеруден өзе қаламда тегін өте аламын. Ауруым анықталғаннан бері емді уақытылы алып келемін, – деді ол. Позитронды эмиссиялық томография компьютерлік томографиямен бірге жүргізілгенде жасушалық деңгейде патологиялық өзгерістерді анықтауға мүмкіндік береді. Бұл әдіс қатерлі ісік ісіктері мен метастаздарды клиникалық белгілер пайда болмай тұрып анықтауға көмектеседі. – Биыл біз онкологиялық ауруы бар шамамен екі мың пациентті тексеруден өткізуді жоспарлап отырмыз. Аталған аппараттың артықшылығы – метастаздарды және қатерлі ісіктің әртүрлі сатыларындағы ісіктерді анықтауға мүмкіндік береді. ТМҚКК аясында тегін тексеруден өту үшін пациент онкологиялық диспансерлік есепте тұруы және емхананың аймақтық дәрігерінің жолдамасы болуы қажет, – деді сәулелік диагностика дәрігері Дінмұхамбет Тұрсын. 2027 жылы медициналық орталық сүйек тініндегі метастаздарды анықтауға мүмкіндік беретін ОФЭКТ/КТ аппаратын орнатуды жоспарлап отыр.

39,5 млрд теңге инвестиция құйылады

Үкімет фармацевтика саласындағы ірі жобалардың біріне қолдау көрсетті. Денсаулық сақтау министрілігі мен «Химфарм» АҚ арасында халықты қолжетімді дәрі-дәрмекпен қамту және отандық өндірістің үлесін арттыруға бағытталған инвестициялық келісім бекітілді. Қаулыға Премьер-министр Олжас Бектенов қол қойды.



Қазақ дүниетанымында шипа табиғаттан ізделген. Итмұрынның қызыл денінен қайнаған шай, жалбыздың жұпар иісі сіңген тұнба, тұймадақтың жұғымды суы, бәрі де әлсізге жаңға да ем беріп, иммунитетті қиылетуіне бағытталған. Мұндай шөп шайларды ағзаны сергітіп, дененің қызуын жеңілдетуде, жалпы хәлді жақсартуға ықпал еткен. Халық «шөптің басы – дәрі» деп бекер айтпаған, әр өсімдіктің бойынан шипа іздеген. Сондай танымал халық емінің бірі – қылшаның суы. Қылша – тастақты жерде тарам-тарам болып өсетін өсімдік. Ертеректе үлкендер оны қайнатып, теріні ширату үшін суына малып қойған. Ал қызылша шыққанда қылшаны қайнатып, сол суға бір-екі күн жуындырған. Бұл тәсіл денедегі бөртпенің беті қайтып, терінің тазара түсуіне көмектеседі деген сенім болған. Дегенмен халықтық ем ата-бабадан жеткен тәжірибе болғанымен, оны негізгі емнің орнына қолдану дұрыс емес. Бүгінгі медицина қызылшаның асқын қауіпін нақты дәлелденген түсіндіреді. Сондықтан шөп шайларды мен қылша суы тек ағзаны әлсіздіктен қосымша амал ретінде ғана қарастырылуы керек. Сақтықта қорлық жоқ. Денсаулық – тәуекелге емес, парасатқа сүйенетін құндылық. Халықтық тәжірибені құрметтей отырып, дәрігер кеңесін басшылыққа алу – індетті еңсерудің өркеніеті жолы. Ұрпақ амаңдығы ұлт амаңдығы екенін ұмытсақ, ұтыларымыз анық. Бала – аманат. Оның саулығына селқос қарау келешекке де салғырт қараумен пара-пар. Әр ата-ана перзентінің маңдайынан сипағанда, тек бүгінгі күлісіні емес, ертеңгі тағдырын да қорғауы тиіс. Саналы таңдау – сабырлы қоғамның белгісі. Бала денсаулығы бейжай қарамастық. Балашақтың бағасын бүгінгі шешіммен өлшеген әлдеқайда дүрысырақ болар.

Гүлжан ЕСЖАН

«ЖОЖ» ақпарат

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат қолтаңбасымен 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген. «Жалағаш жаршысы» аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2015 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады. Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды. Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 87242/40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөміс 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады. Таралымы 2983 Тапсырыс №317

Өңірлерде дерт өршіді: дерек пен дәйек

2026 жылы 19 ақпанда Қазақстанның Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері Сархат Бейсенова «Қазақстанда қызылшаға қарсы санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс шараларды ұйымдастыру және жүргізу» туралы қаулыға қол қойды. Бұл жай ғана екімшілік құжат емес.

Ресми мәліметке сүйенсек, биыл жыл басынан бері елімізде 3 343 қызылша жағдайы тіркелген. Оның 2 816-сы, яғни 84,2 пайызы 14 жасқа дейінгі балалар арасында анықталған. Демек, індет ең алдымен балғын жасты нысанаға алып отыр. Ең алаңдатарлығы, тіркелген 2 594 жағдай немесе 77,6 пайызы екпе алмаған балаларға тиесілі. Оның ішінде 1 448 бала вакцинадан бас тарту салдарынан қорғанышсыз қалған. 325 жағдайда медициналық қарсы көрсетілмеді болған. 778 бала екпе жасына жетпеген. 43 жағдай өзге де себептерге байланысты. Сонымен қатар 398 адамның, яғни 11,9 пайызының екпе мәртебесі белгісіз.

Еліміздің бас санитары қызылша дертiне қатысты мәселенiң өлi де өзектi екенiн ашық айтты. Оның мәліметінше, былтыр өлемде 247 мыңнан астам қызылша жағдайы тіркелген. Бұл дерек халықтың екпемен жеткіліксіз қамтылуы жаһандық проблемаға айналып отырғанын көрсетеді.

Қазақстанда былтыр сырқаттанушылық 2024 жылмен салыстырғанда 6,8 есеге төмендегенімен 2025 жылы қарашадан бастап өсім қайта байқалған. Бұл динамика 2026 жылдың қаңтар және ақпан айларында жалғасқан. Стационарда ем алған адамдар арасында қызылшаның 208 жағдайының тіркелуі де жалпы көрсеткіштің артуына әсер еткен. Былғы сырқаттанушылық көрсеткіші 16,4-ке жетіп отыр.

Аурудың өсуі Астана және Алматы қалаларында, сондай-ақ Жамбыл, Атырау, Ұлытау, Қарағанды, Алматы, Ақтөбе, Қостанай облыстарында тіркелген. Бұдан өңірлік ахуалдың біржөпкі емес екенін байқаймыз.

Тағы бір маңызды дерек, сырқаттанғандардың 72 пайызы – 5 жасқа дейінгі балалар, яғни ең қорғанышсыз, ең әлсіз топ тәуекел аймағында.

Статистика бір нәрсені айқын көрсетіп отыр. Қызылша өршуінің негізгі үлесі екпе алмаған балаларға тиесілі. Бұл мәселе медициналық қана емес, қоғамдық сенім мен жауапкершілік мәселесіне айналып отыр. Өсу динамикасы қараша айынан бері сақталуы індеттің өлі толық бақылауға алынбағанын аңғартады. Елордада эпидемиологиялық жағдай күрделі күйінде қалып отыр. Жыл басынан бері 384 алғашқы жұқтыру дерегі анықталған, оның 234-і немесе 61 пайызы зертханалық жолмен расталған. Расталған 234 жағдайдың 218-і, яғни 93,2 пайызы 14 жасқа дейінгі балаларға тиесілі. Демек, індеттің негізгі соққысы балаларға тиіп отыр.

Эпидемиологиялық тағдау тағы бір маңызды жайтты көрсетті. Барлық науқастың шамамен 93,5 пайызы немесе 219 жағдай вакцинацияланбаған. Оның ішінде 61,5 пайыз жағдайда, яғни 144 балада екпеден бас тарту ата-аналардың шешімімен байланысты болған.

Қызылша ерте жастағы балаларға, жүкті әйелдерге және иммунитеті төмен адамдарға аса қауіпті. Ауру пневмонияға, отитке, энцефалитке, менингоэнцефалитке, тіпті бірнеше жылдан кейін дамитын панэнцефалитке ұласуы мүмкін.

Алматы қаласында өсім қараша айынан басталған. 2025 жылы бұл шаһарда 460 жағдай тіркелсе, биыл жыл басынан бері 482 жағдай тіркелген. Аурушандық өсімі өткен жылдың қараша айынан бастап байқалған. Желтоқсанда 142 жағдай тіркелсе, қаңтарда 346 жағдай жетіп, екі еседен асқан.

Дәрігерлер қызылша асқынған жағдайда пневмония мен ми қабынуына ұласуы мүмкін екенін ескерттеді. Ауру ауа арқылы тез тарайды. Сондықтан белгілері бар баланы балабақша мен мектепке жібермеу қажеттігін қаперге салды. Қазір қызылша жұқтырғандармен байланыста болған тұрғындар медициналық бақылауға алынған. Екпе алған адамның ағзасында 7-10 күн ішінде вирусқа қарсы иммунитет түзіледі. Осыған байланысты мамандар вакцина салдырудың маңызын айтаудан шаршамайды.

Қызылша ең көп тіркелген өңірдің бірі – Жамбыл облысы. Жыл басынан бері бұл өңірде 191 балаға осы диагноз қойылған. Бұл аймақта да ауру жұқтырғандардың едәуір бөлігі – жас балалар. Оның ішінде бір жасқа толмаған сабилер де бар.

Бұл жай ғана медициналық көрсеткіш пе, әлде қоғамдық шешімдердің салдары ма? Қызылша ауруында шекара да жоқ. Ол екпе жасына жетпеген баланы да, екпеден бас тартқан баланы да, иммунитеті әлсіз ересекті де айналып өтпейді. Сандар салқын. Бірақ сол сандардың астарында үлкен сұрақ тұр. Ұжымдық қорғаныс қалай сақтаймыз? Әр ата-ананың таңдауы қоғам қауіпсіздігімен қай жерде түйіседі?

Жалағаш ауданында да қызылша бойынша эпидемиологиялық ахуал тұрақты деуге келмейді. Ресми деректерге сүйенсек, биыл аудан көлемінде қызылшаның алғашқы диагнозымен 36 жағдай тіркелген. Ауру географиясына көз жүртірсек, ең көп жағдай Жалағаш кентінде анықталған, 26 жағдай. Ақсу, Мәдениет, Қаракөтен ауылдарында 3 жағдай тіркелген. Аққұм елді мекенінде 1 жағдай есепке алынған.

Қызылшаға қарсы егу мәртебесіне қатысты тағдау да ойландырмай қоймайды. 12 бала жас шамасына сәйкес егілмеген. 6 жағдайда ата-аналардың екпеден түбегейлі бас тартуы тіркелген. 7 бала тек 1 екпемен қамтылған. 3 бала 2 екпемен толық қамтылған. 2 жағдайдың егу мәртебесі белгісіз. Сонымен қатар 6 бала уақытша медициналық шешіміне байланысты вакцинадан тыс қалған.

Қауіп қайдан және қайтсек одан қорғанамыз?

Ғасырлар бойы адамзат талай індетпен күресті. Алайда бүгінде қызылшаға қарсы күрестегі бірден-бір нәтижелі жол – алдын алу, яғни вакцинация. Жай ғана екпе емес, қоғамдық қауіпсіздіктің қалқаны ретінде қарайтын көз келді. Қызылшаға қарсы қалыптасқан қорғаныс тізбегі неғұрлым берік болса, вирустың таралу жолы соғұрлым тарылады. Сондықтан бұл мәселе жеке таңдау шеңберіне қалдырмай отыру керек.

Адамзат тарихында індет қашан басталды?

Адамзат тарихымен қатар жасасып келе жатқан көне дерттің іші теренде. IX-X ғасырларда парсылық ғалымдар қызылшаның белгілерін алғаш рет ғылыми тұрғыда сипаттап, оны басқа бөртпелі аурулардан ажыратып жазып қалдырған. Ол қызылшаның денеге ұсақ бөртпе түрінде шығатынын, қызба мен әлсіздік қатар жүретінін нақты атап өткен.

Бұл адамзат тарихындағы қызылша туралы ең алғашқы медициналық сипаттамалардың бірі болды. Уақыт өте келе ғылым дамыды. XVIII ғасырда шотланд дәрігері Франсис Хоум қызылшаның жұқпалы табиғатын дәлелдеуге талпыныс жасап, оның инфекциялық ауру екенін тәжірибе жүзінде анық көрсеткен. Ал нақты вирустың өзі тек 1954 жылы ғана анықталды. Американың ғалымдар Томас Пиблз бен Джон Эндерс қызылша вирусын бөліп алып, ғылымда жаңа кезеңнің басталуына жол ашты. Ал одан бұрынғы ғасырларда қызылшаға қарсы арнайы ем болған жоқ. Дерттің вирустық сипаты беймәлім кезеңде адамдар тек белгілеріне қарап ем қолданды. Науқасты оқшаулап, жарық пен салқыннан сақтап, төсек режимін қатаң ұстаған. Қолдан келгенді амалдап, қызбаны түсіруге тырысып, ағзаны өлсіретпейтін жолын қарастырды, яғни емдеу аурудың өзіне жоюға емес, оның асқынуды бәсеңдетуге бағытталған.

Тек XX ғасырдың екінші жартысында медицинада серпіліс жасалды. 1963 жылы қызылшаға қарсы алғашқы вакцина қолданысқа енгізілді. Содан бері бұл екпе миллиондаған адамның өмірін сақтап қалды. Осылайша қызылша – ғасырлар бойы адамзатпен арпалысып келе жатқан, тек ғылым дамыған тұста ғана нақты тізінілген дерт. Оның тарихы – медицинаның эволюциясы мен адам өмірін қорғауға бағытталған ізденістің айғағы.

Әлемді алаңдатқан ахуал

Қызылша – шекара таңдамайтын, өлсізге иммунитетті андтың дерт. Бір кездері «жойылды» деп жарияланған аймақтардың өзі бұл дерттің қайта оралу қаупінен құтыла алмай отыр. 2025-2026 жылдардағы өлемдік жағдай – соның айқын дәлелі.

Америка құрлығында ахуал күрделі сипат алды. 2016 жылы бұл аймақ қызылшадан «таза» деп танылған еді. Алайда уақыт өте індет қайта басталды. 2025 жылы Америка Құрама Штаттары аумағында 2 280-нен астам жағдай тіркеліп, бұл соңғы ширек ғасырдағы ең жоғары көрсеткіштің біріне айналды. 2026 жылдың алғашқы айларында да жүздеген жаңа науқас анықталғаны ресми деректерде

Меншік иесі: **СЫР МЕДИА** жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор **Марат АРАЛБАЕВ**
Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» газетінің редакциясы
Бас редактор **Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ**

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-56
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Кезекші редактор: Гүлжан ЕСЖАН